

Мектебіміздің дене шынықтыру пәні мұғалімі Тасмуханов Қуат Мұратұлы аудандық жас туристер станциясымен біріге отырып **Батыс Қазақстан облысының Тасқала ауданында 2017 жылдың 16-21 қазан аралығында қиындығы бірінші категориялы жаяу туристік жорығын ұйымдастырды**

Топ құрамы

№	Қатысушының аты-жөні	Туған жылы	Топтағы міндеттері	Туристік тәжірибесі
1	Темиржан Е.Л.	1992 ж	Жетекші	5 жыл
2	Тасмуханов Қ.М.	1984 ж	Жетекші орынбасары	1 жыл
3	Каримов С.Ж.	1986 ж	Күнделікке жауапты	8 жыл
4	Айсағалиев А.	2003 ж	Шаруашылық жауапты	1 жыл
5	Сырым А.	2003 ж	Фотограф	3 жыл
6	Бакитов С.	2004 ж	Көмекші	2 жыл
7	Утеғалиев А.	2004 ж	Көмекші	1 жыл
8	Мустафин Е.	2003 ж	Көмекші	1 жыл
9	Сагинова Д.	2005 ж	Аспазшы	2 жыл
10	Сагинова Г.	2005 ж	Аспазшы	2 жыл
11	Хамидуллина М.	2004 ж	Санитар	2 жыл
12	Менситова Д.	2003 ж	Жас эколог	1 жыл

Саяхат маршруты

№	Маршрут нүктелері басы соңы	Жүрілген жол (км)	Жолдың сипаттамасы	Күндер саны
1	Ақтау Мерей	20	жазықтық	1
2	Мерей Тасқала	26	төбелі	2
3	Тасқала Достық	27	жазықтық	3
4	Достық Ынтымақ	18	жазықтық	4
5	Ынтымақ – Ақкүтір – Жигули - Амангелды	21	жазықтық	5
6	Амангелды Ақтау	20	жазықтық	6

Саяхатты ұйымдастыру

Тасқала ауданы Ақтау ауылы бойынша қиындығы I категориялы жаяу жорық.

Жаяу саяхатының мақсаты: Ақтау ауылы және Тасқала ауданы бойынша ауылдар арасында туристік-өлкетану саласындағы байланысты нығайту, салауатты өмір салтын уағыздау, жаяу туризмді насихаттау, жаңа туристік маршрут салу, оқушылар мен жастарға патриоттық тәрбие беру, табиғатты

қорғау, Ақтау жалпы білім беретін мектеп – балабақшасы оқушыларына туристік техниканың элементтерін үйретіп жергілікті жерде туризмді насихаттау.

Қиындығы І категориялы жаяу жорық Ақтау жалпы білім беретін мектеп балабақша кешені оқушыларына алғаш рет жүргізіліп отыр. Бұл жаяу саяхат 6 күн, қашықтығы 132 км. Ақтау-Мерей-Тасқала-Достық-Ынтымақ-Ақкүтір-Жигули-Амангельды-Ақтау маршрутымен өтті.

Саяхатты ұйымдастыру алдында әзірлік жұмыстары жүргізілді: жорықтың өтетін уақыты белгіленді, әзірлік жоспары, жорық маршруты, қатысушылардың тізімі бекітілді, «Жас туристер станциясынан» жорыққа шығу туралы бұйрық шығарылды.

Жорыққа шықпастан бір күн бұрын оқушыларға қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, журналға қолдары қойылды, сондай-ақ топтық жабдықтар, азық-түліктер, медициналық аптечка, жөндеу құралдары, фотоаппарат, жолдорбалар дайындалып, қатысушылардың топтағы міндеттері бөлінді.

Жорықтың қорытындысы

Маршрут қиындығы бірінші категориялы жорыққа сәйкес келеді. Маршруттың жалпы ұзындығы 132 км. Топ мүшелері жорық барысында қауіпсіздік ережелерін сақтап, жинақы жүрді.

Жорықтың мақсаты: салауатты өмір салтын уағыздау, жаяу туризмді насихаттау, жаңа туристік маршрут салу, оқушылар мен жастарға патриоттық тәрбие беру, Ақтау жалпы білім беретін мектеп – балабақшасы оқушыларына туристік техниканың элементтерін үйретіп жергілікті жерде туризмді насихаттау, Тасқала ауданы ауылдары арасында туристік-өлкетану саласындағы байланысты нығайту.

Топ мүшелері жаяу туризмнің техникасын меңгеріп, далалық жағдайда палатканы құру, түрлі туристік кедергілерден, соның ішінде далалық жағдайда бивуак құруға орын іздеп, дайындауды үйренді.

Сонымен қатар туристік топ мүшелері Ынтымақ және Амангелді мектептерінің оқушыларына жаяу туризм техникасын үйретті. Балаларға жеке сақтандыру жүйесін киюді, аспалы өткел кедергісінен өтуді, траверс этапынан өту, кедергіден қауіпсіздік ережесін сақтап аспалы өткел кедергісінен өтуді көрсетіп, үйретті. Туристік байлау түрлері, жумар, сегіздік құралдарын қалай пайдалану түсіндірілді.

Туристік топтардың мүшелеріне кеңесіміз, топ жетекшісі топ мүшелеріне қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқау өткізу керек және қауіпсіздік журналына тіркеу тиіс. Жорыққа шығу алдында міндетті түрде топтың қозғалыс кестесін құрып алу қажет.

Ауа-райын ескере отырып, жорыққа мұқият дайындалып шығу тиіс. Әрбір топ мүшесі өзінің жеке жабдықтарын жорық ерекшелігіне қарай тыңғылықты әзірлеулері қажет.

Маршруттың алыс жерге созылуына байланысты, туризм түріне қарай керекті жабдықтарды алып шығу.

Осы жорық балаларға өте ұнады, табиғатпен «дос» болып қоршаған ортаны қорғап таза ұстайтындарын айтты.



Фото 1. ЖОББ Ақтау мектебі алдында



Фото 2. «Черная впадина» ауылы



Фото 3. Алыс жолға шықтық



Фото 4. Алыс жолда



Фото 5. ЖОББ Шипов мектеп балабақшасы



Фото 6. Мерей ауылының белгісі қасында



Фото 7. Мерей ауылынын белгісі қасында




Фото 8. Тас жол бойымен



Фото 9. Төбешікте



Фото 10. Төбешіктен түсіп келеміз



Фото 11. Жас туристер станциясының алдында



Фото 12. Тас жол бойында



Фото 13. Тас жол бойында



Фото 14. Тас жол бойында



Фото 15. Тасқала ауылы белгісінің қасында



Фото 16. Бірлік ауылының белгісінің қасында



Фото 17. Жылан терісі



Фото 18. Алыс жолда



Фото 19. Алыс жолда



Фото 20. Демалыс кезі



Фото21. Алыс жол.....



Фото 22. ЖОББ Семиглавый мар мектеп балабақшасы



Фото 23 тамақтанып, тынықтық.



Фото 24. Достық ауылының белгісінің қасында



Фото 25. Ынтымақ ауылының белгісінің қасында



Фото 26. ЖОББ Крутой мектебі



Фото 27. Үлкен үңгір қасында



Фото 28. Үлкен үңгір бойымен келеміз



Фото 29. Топ мүшелері үлкен үңгірден өтуде.....



Фото 30. Үлкен үңгірден шығып келеміз



Фото 31. Алыс жол.....



Фото 32. Алыс жол.....



Фото 33. Далалық жол



Фото 34. Ақкүтір ауылы



Фото 35. Жигули көлінің қасында



Фото 36. Алыс жолда



Фото 37. Кіші көпірден өтуде



Фото 38. ЖОББ Амангелды мектеп балабақшасы



Фото 39. топ мүшелері көпірден өтуде (І-шежін өз.)



Фото 40. І-шежін өзені.



Фото 41. Тас жол бойымен келеміз



Фото 42. Амангелды ауылының белгісінің қасында



Фото 43. ЖОББ Ақтау мектебіне келіп жеттік